

Ақши және Бөлек селолық округтердегі ұсақ малдарының сарып ауруын жою мақсатында шектеу қою туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 6 тамыздағы N 2863 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 5 қыркүйекте N 2-8-99 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 867 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2009.08.24 N 867 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық Министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 632 "Адам және жануарлар үшін ортақ (бруцеллез) ауруларды алдын-алу және күресу жөніндегі ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық Ережені бекіту туралы" бұйрығын басшылыққа ала отырып және Еңбекшіқазақ аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторының 2008 жылғы 28 шілде айындағы , N 9 ұсынысына сәйкес адамдарды сарып ауруынан қорғау мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Ақши және Бөлек селолық округтердегі ұсақ малдарының сарып ауруын жою мақсатында шектеу қойылсын.
2. Сарып ауруын жою жөніндегі ветеринариялық-санитарлық іс-шаралар жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы Ақши және Бөлек селолық округтердегі тұрғындары арасында санитарлық-эпидемиологиялық ағарту жұмыстарын күшейтіп, сарып ауруы тіркелген ошақтарда және ол округтегі ауыл тұрғындарынан сарып ауруына қан алу жұмыстары жүргізіліп үнемі бақылауға алынсын.
4. Ақши және Бөлек селолық округтерінің ветеринариялық инспекторы малдардың қозғалысын және бекітілген іс-шаралар жоспарының орындалуын қадағалау жұмыстарын қатаң түрде жүргізісін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бөлтірік Аусадықұлы Жакыповқа жүктелсін.

Аудан әкімі
Еңбекшіқазак
2008
N
қосымша

Ә. Тойбаев
ауданы
жылғы
2863
6

әкімдігінің
тамыздағы
қаулысына

Ақши және Бөлек селолық округтердегі малдары сарып ауруымен ауырғанына байланысты орындалатын ветеринариялық-санитарлық іс-шаралардың ЖОСПАРЫ

N	Ветеринарлық-санитарлық шаралар	Орындау мерзімі	Орындаушы	Кімнің бақылауында
1	Қолайсыз ошаққа аудандық әкімдігі тарапынан шектеу қою	үнемі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
2	Ауру шыққан қораны эпизоотиялық-эпидемиологиялық тексеру актісін шығару	үнемі	Комиссия құрамы	Аудандық аумақтық инспекциясының бас мал дәрігер инспекторы
3	Ауру малды шұғыл түрде бөлу тиіс	үнемі	Мал иесі	Селолық округтің вет. инспекторы
4	Ауру малды алу және жою	үнемі	комиссия құрамы және Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Республикалық эпизоотияға қарсы күрес отряды"	Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
5	Мал тұрған қораны тазалап, көң мен киды далаға бір жерге үйіп шығарылуы тиіс	үнемі	Мал иесі	Селолық округтің вет. инспекторы
6	Мал тұрған қораға және сойылған жерге залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, мал РМҚК иесі, "РЭО"	Селолық округтің вет. инспекторы
	Қалған малдан 2 рет қатарынан		Лицензиялы мал дәрігер, мал	

7	15 - 30 күнде қан алу	үнемі	иесі, "РЭО"	РМҚК	Селолық вет. инспекторы	округтің
8	Екі рет таза шыққан сау малды 3 айлық тәртіптің бақылауға алу немесе әр 45 күнде тағы 2 рет қан алу	үнемі	Лицензиялы дәрігер, иесі, "РЭО"	мал мал РМҚК	Селолық вет.инспекторы	округтің
9	Ауру ошақта қорытынды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу, басқа мал ауырмаса	үнемі	Лицензиялы дәрігер, иесі, "РЭО"	мал мал РМҚК	Селолық вет.инспекторы	округтің
10	Қолайсыз ошақтан аудандық әкімдігі тарапынан шектеу алу туралы шешімі	үнемі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімі		Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы	
11	Адамды ауруынан шаралары жеке гигиеналық талаптары: сарып қорғау және бастың					
	1) Арнайы киімі және аяқ киімі болу керек;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы	округтің
	2) Қолжуғыш, сүлгі, сабын, 1 - көмек көрсететін аптечка;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы	округтің
	3) Кір киімді жуатын салатын, ыдыс болу тиіс;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы	округтің
	4) Үш тастаған козыларды, бұзауларды жинайтын ыдыс және көметін арнайы шұңқыр	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы	округтің
	5) Құрал-сайман, залалсыздандыру препараттары болуы тиіс;	үнемі	Мал иесі		Селолық вет.инспекторы	округтің
	6) Сарып ауруына тексерілмеген адамды мал күтіміне жібермеу	үнемі	Мал иесі		Селолық дәрігерлік амбулаториясының дәрігері	

